"ЖАС ОРДА " жастар қоғамдық бірлестігі

ЖАС ОРДА

Молодежное общественное Объединение «ЖАС ОРДА»

120400, Қызылорда облысы,Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті,Әйтеке би көшесі №52
тел: 87057871287
E-mail: zhas_orda@list.ru

120400, Кызылординская область, Казалинский район, кент Айтеке би, Ул. Айтеке би №52
тел: 87057871287
E-mail: zhas_orda@list.ru

«22» сәуір 2019 жыл.

«22» апрель 2019 год.

№026

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті

ШАҒЫМ ХАТ

2019 жылдың наурыз айының 19 күнгі **"Сырдария аудандық ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен** өткізілген, хабарландыру **номері 3215516-1** хабарландыру атауы «**Жастар саясатын жүргізу**» бойынша «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алу веб-порталында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды сатып алуларға қатысқан болатын.

Алайда, **2019 жылғы сәуір айының 18 күнгі № 2943253** мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хабарламаға /хаттамаға/ сәйкес «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігінің өтінімін "Сырдария аудандық ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Ресубликасының мемлекеттік сатып алу қағидасының 233-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтежиелері бойынша, бағалау критерийлері бойынша төмен ұпайлар бергендігін және бұл шешіммен «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігі келіспейтіндігін өзіңізге баяндайды.

ҚР Қаржы министірінің 13.06.2018 жылғы №562 бұйрығымен 01.07.2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілген Мемлекеттік сатып алу қағидасының 12-қосымшасындағы «Техникалық ерекшеліктердің әлеуетті өнім берушілердің ұсынған бағалау өлшемпарттары» бойынша тапсырыс беруші "Сырдария аудандық ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігі ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау критерийлерін дұрыс есептемей отырғанын мәлімдейміз.

Атап айтқанда:

- Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі бойынша «2» ұпайды жеңімпаз ретінде танылған әлеуетті өнім беруші "Сырдария аудандық "Мирас" жастар ұйымы" ҚБ-не негізсіз түрде берген. Себебі, ҚР Қаржы министірінің

13.06.2018 жылғы №562 бұйрығымен 01.07.2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілген Мемлекеттік сатып алу қағидасының 12-қосымшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші ұсынып отырған жобасы, тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына сәйкес жасалған. Яғни қосымша іс-шара карастырмаған. Алайда «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігі техникалық ерекшеліктерінің талаптарына қосымша іс-шараларды қамтып жасса да тапсырыс беруші "Сырдария аудандық ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ол жағдайды мүлде ескермей тиісінше «2» ұпай орнына «1» ұпай берген.

- Тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі) бойынша «3» ұпай берген.

- Алайда «Жас Орда» жастар қоғамдық бірлестігі тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтып және қызмет көрсету сапасын жақсартатын қосымша іс-шараларды карастырған. Әрбір жоба тапсырмасында іс-шараның атауын және түрін, мерзімін және өткізу орнын сипаттап жазған болатын. Демек «6» ұпай. Ал "Сырдария аудандық "Мирас" жастар ұйымы" ҚБ – не негізсіз түрде «6» ұпай берген.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің әрі карай Кодекс 207 бабының 7 тармағына сәйкес Әлеуетті өнім берушіні және (немесе) ол тартатын, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына сәйкес келмейді деп тану – лауазымды адамдарға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Осыған байланысты Заң нормаларын өрескел бұзып отырған "Сырдария аудандық ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссия мүшелеріне тиісті шаралар қолдануыңызды сұраймыз.

Төрағa: Қуаныш Әлібек Нұрланұлы

Қосымша ақпараттар алу үшін
✉ Куаныш.Ә ☎ 8 705 787 12 87